



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар**

**Хром, селен мен молибден мөлшерін анықтау**

**ИНДУКТИВТІ БАЙЛАНЫСҚАН ПЛАЗМАЛЫ МАСС-СПЕКТОМЕТРИЯ (ICP-MS)**

**Смеси для детского питания и взрослых**

**Определение содержания хрома, селена и молибдена**

**МАСС-СПЕКТОМЕТРИЯ С ИНДУКТИВНО СВЯЗАННОЙ ПЛАЗМОЙ (ICP-MS)**

**ҚР СТ ISO 20649–2016**

*(ISO 20649:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of chromium, selenium and molybdenum – Inductively coupled plasma mass spectrometry (ICP-MS) , IDT)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар**

**Хром, селен мен молибден мөлшерін анықтау**

**ИНДУКТИВТІ БАЙЛАНЫСҚАН ПЛАЗМАЛЫ МАСС-СПЕКТОМЕТРИЯ (ICP-MS)**

**ҚР СТ ISO 20649–2016**

*(ISO 20649:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of chromium, selenium and molybdenum – Inductively coupled plasma mass spectrometry (ICP-MS) , IDT)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

**АЛҒЫСӨЗ**

**1** «Kazakhstan Business Solution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ТК 91 «Химия» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 296-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3** Осы стандарт ISO 20649:2015 *Infant formula and adult nutritionals – Determination of chromium, selenium and molybdenum – Inductively coupled plasma mass spectrometry (ICP-MS)* (Балалардың тамақтануына және ересектерге арналған қоспалар. Хром, селен мен молибден мөлшерін анықтау. Индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектометрия (ICP-MS)) халықаралық стандартымен бірдей

Халықаралық стандартты Халықаралық сүт өндірушілері федерациясымен (IDF) бірлесіп ISO/TC 34 «Тамақ өнімдері» техникалық комитетінің SC 5 «Сүт және сүт өнімдері» ішкі комитеті әзірледі

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Осы ұлттық стандарт халықаралық стандарттың ресми нұсқасы негізінде әзірленді және осында берілген сілтемелер Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Ресми нұсқа дегеніміз мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтін болып табылады Сәйкестік деңгейі – бірдей (IDT).

**4** Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңдарының нормалары іске асырылды

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2023 жылы  
5 жыл

**6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгеріс мәтіні «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Балалардың тамақтануына және ересектерге арналған қоспалар

Хром, селен мен молибден мөлшерін анықтау

**ИНДУКТИВТІ БАЙЛАНЫСҚАН ПЛАЗМАЛЫ МАСС-СПЕКТРОМЕТРИЯ (ICP-MS)**

---

Енгізілген күні 2018-01-01

**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт балалардың тамақтануы мен ересектерге арналған тамақтану қоспаларындағы хромды, селен мен молибденді сандық анықтау әдісін белгілейді [1]. Әдіс түрлі матрицалық жеті ерітіндіде зертхана аралық зерттеулер барысында бекітілген.

**2 Әдістің мәні**

Талдағыш үлгі 200 °C температурада, жабық ыдыста қысқа толқынды ыдырау жүйесінде азот қышқылымен бірге қыздырылады. Ыдыратылған тест-ерітінді немесе оның тиісті ыдыраған бөлігі қышқылдың стандартты іріктелген калибрлеуші ерітіндімен калибрленген, индуктивті байланысқан плазмамен (ICP-MS) масс-спектрометр аспабына орналастырылады. Иондаушы буфер (калий) жеңіл иондаушы элементтердің (EIE) әсерін ықшамдауға қатысты мәлімдеу үшін қолданылады, ал метанолды көміртектің құрамын нормалау үшін қосады, сондай-ақ германий және теллур ішкі стандартты ерітінділер ретінде қолданылады. Барлық кез келген немесе осы элементтерді: Na, K, P, Mg, Ca, Fe, Zn, Cu, Mn бір мезетте анықтаумен бірге Cr/Mo/Se талдауын үйлестіруге жол беріледі. Егер калибрленген стандартты ерітінділер Na, K, Mg және/немесе Ca қамтитын болса, иондаушы буферді қоспайды.

**3 Реагенттер және заттар**

Егер өзгеше көзделмесе, талдау кезінде тазалықтың аналитикалық деңгейі танымал реагенттер және тазартылған немесе минералсызданған су немесе тазалық деңгейіне балама су қолданылады. Балама химиялық заттар мен реагенттер қолданылуы мүмкін.

3.1 Тазартылған су, 18 MΩ/см.

3.2 65 %-дан бастап 70 %-ға дейінгі қоюланған азот қышқылы (HNO<sub>3</sub>), металдың индикаторлық изотоп сорты.

3.3 Сутек тотығы (H<sub>2</sub>O<sub>2</sub>), 30 % ACS<sup>1)</sup> реагентінің сұрпы.

3.4 Метанол, тазалығы 99,99 % кем емес, матрицалық ерітіндіні келісуге арналған реагенттің аналитикалық сұрпы.

---

<sup>1)</sup> Американдық химиялық қоғамдастық белгілеген тазалық бойынша талаптарды қанағаттандыратын немесе талаптардан асатын максималды тазалықты реагенттер (American Chemical Society, ACS).

## ҚР СТ ISO 20649-2016

3.5 Калий ерітіндісі, матрицалық ерітіндіні келісуге арналған азот қышқылындағы жалпы қоюлануы  $\rho = 10\ 000$  мг/л.

Егер бір мезгілде негізгі минералдар анықталатын болса, калий ерітіндісі К-ны қамтитын көп элементті стандартты ерітінділермен алмастырылуы мүмкін.

### 3.6 Стандартты ерітінді

3.6.1 Азот қышқылындағы көп элементті бастапқы стандартты ерітінді Сг/Мо/Se,  $\rho_{\text{Сг}} = 2$  мг/л,  $\rho_{\text{Мо}} = 2$  мг/л және  $\rho_{\text{Se}} = 1$  мг/л. High-Purity™<sup>1)</sup> немесе балама түрі.

3.6.2 Азот қышқылындағы көп элементті бастапқы стандартты ерітінді Ge/Te,  $\rho_{\text{Ge}} = 5$  мг/л және  $\rho_{\text{Te}} = 5$  мг/л. High-Purity™<sup>1)</sup> немесе балама түрі.

3.6.3 Ұлттық стандарттар және технологиялар институтының (NIST) стандарты үлгі материалы SRM 1849a немесе осы талдауды бақылау ретінде қолдануға арналған басқа да жарамды стандартты анықтамалық материал.

### 3.7 Стандартты ерітінділерді дайындау

Сг және Мо үшін 40 нг/мл болғанда және Se үшін 20 нг/мл болғанда коммерциялық стандарты ерітінділерден аралық стандартты ерітінділерді дайындау керек. HNO<sub>3</sub>-тегі тапсырыс бойынша дайындалған көп элементті стандартты ерітінді жарамды болып табылады. 0,8; 4,0 және 20,0 нг/мл Сг және Мо және 0,4; 2,0 және 10,0 нг/мл Se, сондай-ақ бос сынаманы, HNO<sub>3</sub>-тегі екі бірдей 50 нг/мл ішкі стандарты ерітінділерді Ge және Te қамтитын көп элементті үш стандартты жұмыс ерітіндісін дайындау қажет. Ge екі бірдей Сг және Мо үшін ішкі стандартты ерітінді ретінде, ал Te Se үшін қолданылады.

## 4 Жабдық

Стандартты зертханалық ыдыс пен жабдық және мыналар.

4.1 Температураны реттеу мүмкіндігі бар және жабық корпусты жүйесі бар, 0 °С-тан 300 °С-қа дейінгі қыздыру температурасы бар қысқа толқынды пеш. Ыдырауға арналған уақыт жеткіліксіз болған кезде органикалық материал және карбонат ыдырау процесінде елеулі қысымды тудыратындықтан, мүмкін болатын максималды қысымға төзгіш ыдыстың құрылымын таңдау керек. Өндірушінің нұсқаулығына сәйкес бұрма саңылау.

Ескерту – Қысқа толқын әсері қышқылдың қысымымен ерітіндінің қызуына әкеп соқтырады. Бетті қорғайтын тиісті құралдарды және зертханалық киімді қолдан.

4.2 ICP-MS. Динамикалық реакциялық камерасы бар және сутек пен гелий құрамын қамтитын масс-спектрометр ICP. Үш негізгі өндірушілерден бес ICP-MS түрлендіруді пайдалана отырып бірлесіп зерттеген жағдайда тиісті өнімділігімен қамтамасыз етіледі.

4.3 Пластмассадан жасалған зертханалық ыдыстардың және тамызғыштың әртүрлі түрлері. Үлгі ерітінділерін сақтауға арналған бір рет пайдаланатын пластикалық түтіктер/автоматты сынама алғыш түтікшелер, стандартты ерітіндіні алуға арналған А класс межелеген тамызғыш, ( $\pm 5$ ) мкл өлшем дәлдігімен реттелетін 1000 мкл тамызғыш немесе 10 мкл бөлетін бағасы бар және пайдалану орнында калибрленетін ішкі стандартты ерітінділерді қосуға арналған ( $\pm 25$ ) мкл өлшем дәлдігі бар реттелмейтін 500 мкл тамызғыш.

4.4 0,0001 г-ға дейінгі өлшеу дәлдігімен және 0,05 мг аспайтын ақау шегі бар зертханалық таразылар.

---

<sup>1)</sup> Сатылымдағы жарамды өнімнің мысалы. Аталмыш ақпарат осы стандартты пайдаланушыларға қолайлы болу үшін берілген және аталмыш өнімнің ISO және IDF мақұлданғанын растау болып табылмайды. Егер балама өнімдердің дәл сондай қорытындыларды беретіні көрсетілген болса, балама өнімдер қолданылуы мүмкін.

Ескертпелер

1 1 с-қа дейінгі өлшем дәлдігі және ( $\pm 1,0$ ) с/тәул. аспайтын тәуліктік орташа жүрісі бар сағаттар.

2 0 °С-тан 100 °С-қа дейін өлшеу ауқымы, 1 °С межелігін бөлетін бағасы бар және ( $\pm 1$ ) °С рұқсат етілген ақау шегі бар шыны сынапты термометр.

3 ГОСТ 1770 бойынша зертханалық өлшеуіш ыдыс және шыны сауыт.

## 5 Сынақ жүргізу

### 5.1 Үлгілерді дайындау

200 мл тазартылған жылы суда (60 °С) 25 г үлгіні еріте отырып, ылғал құрамын қалпына келтіру жолымен ұнтақ тәрізді үлгілерді дайындау керек. Бастапқы ұнтақ тәрізді үлгінің шамамен 0,2 г құрайтын қысқа толқынды ыдыратқыш ыдысқа қалпына келтірілген талдағыш үлгінің нақты 1,8 г бөлігін алу керек. Тікелей 0,2 г қысқа толқынды ыдыста 0,2 г SRM 1849a өлшеп алу қажет. Сұйық түрдегі үлгілерді араластырғаннан кейін қысқа толқынды ыдыратқыш ыдыста шамамен 1 г талдағыш үлгінің нақты бөлігін алу арқылы алады. Ұсынылған бір кезеңді ыдырау үлгісін алуға байланысты (қысқа толқынды бағдарламаның екі кезеңі) 0,8 %-дан кем емес дәлдікті қамтамасыз ету үшін пайдалану орнында тексерілген 0,5 г ішкі стандартты ерітіндінің 5000 нг/мл Ge және Te ерітіндісін қысқа тамызғышпен қосу керек. Ішкі стандартты үлгінің артықшылығын максималды түрде пайдалану үшін және аталмыш әдістің сенімділігін арттыру үшін ішкі стандартты ерітінділерді қосу автоматты әдіспен жүзеге асырылмайды. Қысқа толқынды ыдыратқыш ыдыста 2 мл H<sub>2</sub>O<sub>2</sub> қосу арқылы таза HNO<sub>3</sub> 5 мл қосу керек. Өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ыдыстың бетін жақсылап жауып, оны қысқа толқынды пешке орналастыру керек. 20 мин ішінде температураны бөлме температурасынан 180 °С-қа дейін артыру керек және 1-кезеңде 20 мин ішінде ұстап тұру қажет. Екінші кезеңде қысқа толқынды пештегі температура 20 мин ішінде автоматты түрде 200 °С-қа дейін артады және 20 мин ішінде сақтап тұрады, 1-кестені қара.

#### 1-кесте. Микротолқынды пештердің жұмыстық параметрлері

1-кезең – Үлгінің ыдырауы		
1	Қуаттылығы	100 % (1600 Вт)
2	Температураға дейін арттыру	20 мин
3	Ұстау уақыты	20 мин
4	Температурасы	180 °С
5	Сууы	20 мин
1	Қуаттылығы	100 % (1600 Вт)
2	Температураға дейін арттыру	20 мин
3	Ұстау уақыты	20 мин
4	Температурасы	200 °С
5	Сууы	20 мин

2-кезеңді бағдарламалары жоқ қысқа толқынды пештер үшін 2-кезеңді ыдыратуды пайдаланады. 5000 нг/мл Ge және Te (жоғарыда көрсетілген калибрленген

## ҚР СТ ISO 20649-2016

микротамызғышпен) ішкі стандартты ерітіндінің 0,5 мл және жоғары тазалықты  $\text{HNO}_3$  0,5 мл қосу керек. Ішкі стандартты үлгілерді автоматты түрде қоспайды. Қысқа толқынды пештің үлгісіне және ыдыстар санына байланысты 20 мин ішінде бөлме температурасынан 200 °С-қа дейін температураны арттыруға арналған қуатты қалыпқа келтіру керек. Сондай-ақ 20 мин ішінде 200 °С температурада төздірттіру керек. Шамамен 20 мин ішінде өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ыдысты салқындату қажет. Азот диоксидінің қоңыр түсті газдарын шығара отырып, қысқа толқынды ыдысты ақырын ашу керек.

Назар аудар – Қысқа толқын әсері қышқылдың қысымымен ерітіндінің қызуына әкеп соқтырады. Бетті қорғайтын тиісті құралдарды және зертханалық киімді қолдан.

$\text{H}_2\text{O}_2$ -нің 1 мл қосып және 15 мин ішінде бөлме температурасынан (15 °С-тан 25 °С-қа дейін) 180 °С-қа дейін температураны арттыру арқылы үлгілердің қайта ыдырауын жүзеге асыру қажет. Сондай-ақ 20 мин ішінде 200 °С температурада төздірттіру керек және 20 мин ішінде салқындату қажет.

### 5.2 Талдағыш ерітіндіні дайындау

Өңделген үлгілермен бірге ыдысқа шамамен 2 мл тазартылған суды қосып, оның 50 мл-мын үлгілерге арналған шыны сауытқа ауыстыру керек (5.7 қара). Ыдысты шайып, суды үлгілерге арналған шыны сауытқа құю керек. Дәл осы шыны сауытқа 0,5 мл метанолды қосып, 50 мл-ға дейін тазартылған сумен араластыру қажет. Балама түрде, 1 % көлемді құрамы болған жағдайда метанол қосуға болады.

### 5.3 Анықтама

2-кестеде талдауға арналған аспаптардың типтік параметрлері берілген. Көрсетілген стандартты ерітінділердің көмегімен стандартталған ICP-MS аспабын пайдалана отырып, стандартты ерітінділердің талдауын жүргізу қажет. Ge екі бірдей Сг және Мо (гелий режимі) үшін ішкі стандартты үлгі ретінде, ал Te Se үшін (сутек режимі) қолданылады.

Сутек режимі аспаптың үлгісіне байланысты балаларға арналған қоспада Se төмен деңгейін анықтау үшін ұсынылады, яғни гелий мен сутек режимдері арасында жеңіл ауыстыру опциясы болмауы да мүмкін. Мұндай жағдайда сутек режиміне гелий режимін өзгерту үшін аспапты өндірген өндірушінің нұсқаулығын басшылыққа алу қажет және Сг және Мо бөлек Se талдауын жүргізу керек. Балама түрде жеке жүргізілген эксперименттерде Se үшін анықталатын (PLOQ) құрамдардың төменгі шегі соқтығысу/реакциялық газдарға арналған балама газды қолдану кезінде 10 нг/г шамасында немесе одан төмен екеніне көз жеткізу керек. Бір зертхана гелийді пайдалана отырып, ал басқа зертхана газ тәрізді аммиакты пайдалана отырып, жаңғырту зерттеулерін табысты түрде жүзеге асырды.

Аспаптың түзулігін және нөлдің дрейфін бақылау үшін әрбір талдағыш 10 үлгі арқылы 4 нг/мл Сг және Мо талдауын және 2 нг/мл Se стандартты жұмыс ерітіндісінің немесе тиісті сападағы басқа да бақылау ерітіндісінің талдауын жасау қажет. Нәтижесі стандартты үлгінің номиналды концентрациясынан шамамен 4 % шегінде болады. Әдістің бос сынамасын (үлгі ретінде орындау, оның өлшенген концентрациясы ең төмен стандартты үлгінің жартысынан кемін құрайды), үлгі телнұсқасын қосу (салыстырмалы пайыздық ерекшелігі (RPD) Сг үшін 10 %, Se үшін 7 % және Мо үшін 5 % шегінен аспайды) және бақылау үлгісі ретінде қолданылатын (рұқсат етілген ауытқулар шегінде алу деңгейін тексеру) материалдың танымал стандартты үлгілері әдістің өнімділігі үшін міндетті болып табылады. Егер де сапасын бақылау тексерулерінің қайсы бірі сәйкес

келмесе, қорытындылар жарамсыз деп танылады. Талдау тәртібі мынадай: калибрленген стандартты ерітінділер, шаю, бос сынамань тексеру, стандартты ерітіндіні, бақылау үлгісін, үлгіні, үлгінің телнұсқасын (10 үлгіге дейін) және стандарты бақылау үлгісін тексеру.

**2-кесте. ICP-MS параметрі**

Типтік жұмыстық шарттары	
Ұстау және қуаттылық коэффициенті, Вт	1600
Ұстау коэффициентінің сәйкес кернеуі, В	1,8
Үлгінің тереңдігі, мм	9
Ұстау объективінің кернеуі 1, В	0
Тасығыш-газ ағыны, л/мин	0,9
Қосымша газ ағыны, л/мин	0,2
Бүріккіш (шыны концентрлік)	MicroMist®
Бүрку камерасындағы температура, °С	2
Жанасу конусы	Ni
Не клеткасындағы газ ағынының жылдамдығы, мл/мин	4,5
Клетка газ ағынындағы жылдамдық H <sub>2</sub> , мл/мин	4,2
Бүрку сорғысының жылдамдығы, s <sup>-1</sup>	0,1 (= 0,5 мл/мин)
Талданатын үлгі/ішкі стандартты үлгі /газ режімі	<sup>52</sup> Cr, <sup>95</sup> Mo/ <sup>72</sup> Ge режімде He <sup>78</sup> Se/ <sup>130</sup> Te режімде H <sub>2</sub>
<p><sup>a</sup> Нарықта қол жетімді қолайлы өнімнің үлгісі. Бұл ақпарат осы стандартты пайдаланушылардың қолайлылығы үшін берілді және ISO немесе IDF тарапынан аталған өнімнің жарнамасы емес. Егер дәл сондай нәтижеге алып келетін болса, балама өнімдерді пайдалануға болады.</p>	

**6 Есептеулер**

Ішкі стандартты ерітіндіге қатысты талдағыш заттың жауап беру коэффициенті калибрленген стандартты ерітінділерде өлшенді, ал көлбеу мен сатылы қисық қима қажетті сызықты алу үшін өлшенбеген ең төмен квадраттардың сатылы сызықты регрессияларын талдауды пайдалана отырып, бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы автоматты түрде есептелінеді. Ішкі стандартты ерітіндіге қатысты талдағыш заттың жауап беру коэффициенті әрі қарай үлгі ерітінділерінде өлшенді және ерітіндінің есептік аналитикалық концентрациясы өнімдегі талдағыш үлгінің түпкілікті концентрациясын алу үшін тиісті ыдырату коэффициентіне көбейтілді.



## **7 Әдісті негіздеу**

### **7.1 Сызықтық**

Барлық сатылы қисықтар өлшенбеген ең төмен квадраттардың сызықты регрессиялық талдауларын пайдалана отырып алынды, ал арақатынастылық коэффициентінің мәні ( $r$ ) әрбір сатылы қисықтан есептеп алынды. Әрбір сатылы қисық төрт стандартты көп элементті ерітінділермен, оның ішінде стандарты бос ерітіндімен дайындалды. Үлгілердегі талдағыш заттардың барлық концентрациялары сатылы қисықтың сызықты ауқымы шегінде және түзуліктің белгіленген шегінен төмен шамада болды.

### **7.2 Сандық белгілеулер шегі (LOQ)**

**LOQ** аспаптардың саны бойынша сенімді түрде анықталатын үлгідегі талдағыш заттың ең төмен концентрациясы болып табылады. Әдістің **LOQ** орташа **SD** 10 сілтісіз бос үлгілерді 10 коэффициентіне көбейту арқылы, ал аспаптың **LOQ LOD** аспабын 3-ке ([2] сілтемені қара) көбейту арқылы анықталады. Сондай-ақ осы әдістегі пайдалы **LOQ** немесе тәжірибелік **LOQ (PLOQ)** сатылы қисықтың сызықтық ең төменгі шекті мәнімен анықталған болатын, себебі осы мәннен төмен үлгілерді өлшеу қорытындыларының нақтылығы мен дәлдігі белгісіз болады. Тіптен минералмен байытылған барлық азық-түлік тағамдары **PLOQ жоғары талдағыш ерітіндіде** **Ct**, **Se**, және **Mo** болатындай етіп ыдырату коэффициентімен алынуы мүмкін.

### **7.3 Матрицаны метанолмен калибрлеу**

Талдағыш заттарды көміртектің (органикалық қоспалар) болуы **ICP-MS** ([3], [4], [5] сілтемелерін қара) әдісімен талдау барысында **Se** сигналының артуына әкеп соғады. **Se** сигналын арттыру компенсациясы үшін қажетті метанолдың (көміртек көзі) оңтайлы концентрациясын анықтау үшін метанолдың әртүрлі концентрацияларын сатылы стандарттарға және ыдыратылған үлгілерге қосады.

### **7.4 Жеңіл иондаушы элементтердің әсері (EIEs)**

Көптеген тағам өнімдері **Ca**, **Na**, **K** және **Mg** секілді **EIEs**-тің маңызды деңгейін камтиды. 4 нг/мл **Ct** и **Mo** және 2 нг/мл **Se** камтитын ерітінділер және бос еретінділер талдағыш үлгілердің концентрациясында қандай да бір өзгерістерді анықтау үшін **EIEs**-ті пайдалана отырып немесе **EIEs**-сіз талданды.

### **7.5 Ерекшелігі**

Спектральді кедергілерге әкеп соғуы мүмкін үлгінің матрицалық ерітіндісінде басқа да компоненттер болған жағдайда талдағыш заттың өлшемін дәл өлшеу қабілеті әдістің ерекшелігі болып табылады. Әдістің ерекшелігін көрсету үшін ыдыратылмаған бос ерітінділерге **ICP-MS** талдауына арналған үлгілердегі тағам өнімдері үшін репрезентативті болып табылатын концентрациялар кезінде көп элементті ерітінділердің өлшенген санын қосты. **Se** үшін **H<sub>2</sub>** газының типтік режимі, сондай-ақ **Ct** және **Mo** үшін **He** газының режимі қолданылды.

## 7.6 Дәлдік

Дәлдігі әр түрлі үш тәулік ішінде 10 тағам өнімінде алу деңгейін өлшеу жолымен әр түрлі екі тәулік ішінде NIST-тан материалдың (SRM) үш стандартты үлгісін талдау арқылы және осы әдіспен алынған 10 тағам өнімінің қорытындысын зертханаішілік калибрленген ICP-AES басқа да әдістерімен және атомдық-флуоресценттік спектрометриямен (AFS) алынған қорытындыларды салыстыра отырып расталды. Өнімдерге қосылған талдағыш заттар қоспасының деңгейі әрбір өнімде талдағыш заттың концентрациясынан 50 % -дан 200 %-ға дейінгі шамада болды.

## 7.7 Прецизиондық

Стандартты ауытқудың салыстырмалы мәні (RSD) тәулік ішінде және тәуліктер арасында бірнеше тағам өнімдерін талдау негізінде және екі зертханаішілік бақылау үлгілері негізінде анықталды. Тәулік ішіндегі прецизиондық екі данадағы үлгілерді күн сайын талдау арқылы анықталды, ал тәулік арасындағы прецизиондық әртүрлі 10 тәулік ішінде күн сайын талданған қайталама үлгілердің орташа қорытындысын пайдалана отырып өлшенді.

## 7.8 Тұрақтылық

Әдістің тұрақтылығын анықтау үшін зертханалық бақылау үлгілері әртүрлі 10 тәулік ішінде екі талдағыш заттың көмегімен талданды. SRM 1849 NIST үлгілерге арналған әртүрлі үш гірі бар және әртүрлі стандартты ерітінділермен үш данада талданды.

## 7.9 Жаңғыртылу

Сегіз зертхана бос телнұсқалар түрінде ұсынылған жеті үлгіде осы әдісті қолдана отырып, зертханааралық сынақтар хаттамасын толтырды (барлығы 14 талданған үлгілер плюс бақылау SRM 1849a, ол бос болмады). Төрт ел және үш негізгі жеткізушілердің бес моделі ICP-MS ұсынылды. Қорытындылар барлық талданған заттар мен үлгідерде Хорвитц (HorRat) 0,35 коэффициентінің орташа мәнімен Сг үшін 9,3 %, Мо үшін 5,3 % және Se үшін 6,5 % (RSD<sub>R</sub>) жаңғыртылудың орташа салыстырмалы стандартты ауытқуын көрсетті.

**А қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Деректердің дәлдігі**

А.1-кестесінде берілген деректер зертханааралық зерттеулерден алынды және ISO 5725-2 [7] сәйкес және AOAC-IUPAC талдау әдісінің дәлдік сипатын бағалау бойынша зерттеудің бірлескен рәсімдеріне арналған жүйеленген хаттамасына сәйкес 2015 [6] жылы жарияланды [8]. Әдіс сегіз зертханада, екі үлгіде жеті мәрте және ICP-MS аспаптың әртүрлі бес моделінде табысты көрсеткіштерді көрсетті. Бұл зерттеуге номиналды түрде сегіз зертхана қатысты, бірақ кейбір талдағыш заттар үшін кейбір матрицалы ерітінділерде шығарынды бас тартулардың салдарынан сегіз қорытындыдан да аз болуы мүмкін (жеті зертхана Сг матрицалы үш ерітіндісі үшін біреуден кем емес, ал екі Мо матрицалы ерітінді үшін жеті зертхана және барлық матрицалы ерітінділерге арналған Se үшін барлығы сегіз зертхана қайталама қорытындыларды тіркеді).

Валидация туралы толық ақпарат <http://standards.iso.org/iso/20649> сайтында берілген.

**А.1 кестесі– Хром, молибден және селен үшін дәл деректер**

Үлгі <sup>h</sup>	1 <sup>a</sup>	2 <sup>b</sup>	3 <sup>c</sup>	4 <sup>d</sup>	5 <sup>e</sup>	6 <sup>f</sup>	7 <sup>g</sup>	Орташа мән
<b>Хром (PLOQ = 20 нг/г)</b>								
Орташа нәтиже (нг/г)	16	48	140	130	30	24	<< 20	
Қайталанушылықтың салыстырмалы стандартты ауытқуы, RSD <sub>r</sub> , %	3,4	4,7	2,1	7,0	5,5	3,8	< ППКО	4,4
Жаңғыртушылықтың салыстырмалы стандартты ауытқуы, RSD <sub>R</sub> , %	12,1	7,1	5,8	8,1	9,2	13,4	< ППКО	9,3
Хорвитц коэффициентінің мәні (HorRat)	0,57	0,39	0,27	0,37	0,48	0,67	< ППКО	0,46
<b>Молибден (PLOQ = 20 нг/г)</b>								
Орташа нәтиже (нг/г)	33	63	190	150	30	18	20	
Қайталанушылықтың салыстырмалы стандартты ауытқуы, RSD <sub>r</sub> , %	1,0	1,6	1,2	1,0	3,3	1,7	3,3	1,9
Жаңғыртушылықтың салыстырмалы стандартты ауытқуы, RSD <sub>R</sub> , %	7,9	3,1	3,8	3,0	4,6	7,9	6,7	5,3
Хорвитц коэффициентінің мәні (HorRat)	0,42	0,18	0,19	0,14	0,24	0,38	0,33	0,27
<b>Селен (PLOQ = 10 нг/г)</b>								
Орташа мән (нг/г)	24	30	133	93	24	23	27	
Қайталанушылықтың салыстырмалы стандартты ауытқуы, RSD <sub>r</sub> , %	6,1	5,9	4,7	2,3	3,8	6,4	2,4	4,5

## А.1 кестесінің жалғасы

Үлгі <sup>h</sup>	1 <sup>a</sup>	2 <sup>b</sup>	3 <sup>c</sup>	4 <sup>d</sup>	5 <sup>e</sup>	6 <sup>f</sup>	7 <sup>g</sup>	Среднее значение
Жаңғыртушылықтың салыстырмалы стандартты ауытқуы, RSD <sub>R</sub> , %	6,1	7,2	5,0	8,1	7,3	9,3	2,5	6,5
Хорвитц коэффициентінің мәні (HorRat)	0,31	0,37	0,23	0,36	0,37	0,46	0,13	0,32
<sup>a</sup> Ересектерге арналған сүт белогы; <sup>b</sup> майдың аз мөлшері бар ересектерге арналған ұнтақ; <sup>c</sup> RTF (тұрақтылық беру факторы) ересектерге арналған майдың жоғары мөлшері бар; <sup>d</sup> ересектерге арналған белоктың жоғарғы мөлшері бар қоспа RTF; <sup>e</sup> балаларға арналған ұнтақты қоспа; <sup>f</sup> омыраудағы балалар арналған қарапайым қоспа; <sup>g</sup> ұнтақты омырау сүті; <sup>h</sup> үлгінің шоғырлануы дайын өнімге арналған есептеу ішінен берілген (25 г ұнтақты 200 мл сумен араластырады).								

## Библиография

[1] AOAC INTERNATIONAL Official Method 2011.19 Determination of Chromium, Selenium, and Molybdenum in Infant Formula and Adult Nutritional Products by Inductively Coupled Plasma – Mass Spectrometry (ICP-MS) First Action 2011 (AOAC INTERNATIONAL Ресми әдіс 2011.19 Индуктивті байланысқан плазмамен масс-спектрометриямен балаларға арналған қоспадағы және ересектерге арналған тамақ өнімдеріндегі хромды, селен мен молибденді анықтау (ICP-MS) Бірінші әрекет етуі 2011).

[2] IUPAC. Pesticides report 36. Glossary of terms relating to pesticides (IUPAC Recommendations 1996). Pure Appl. Chem. 1996, 68 pp. 1167–1193 (IUPAC. Пестицидтер туралы баяндама 36. Пестицидқа қатысты терминдер глоссарийі (ИЮПАК 1996 ұсыныстары). Қолданбалы таза химия, 1996, 68 бет. 1167-1193).

[3] KRALJ P., & VERBER M. Investigations into Nonspectroscopic Effects of Organic Compounds in Inductively Coupled Plasma Mass Spectrometry. Acta Chim. Slov. 2003, 50 pp. 633–644 (Кралдж П. және Вербер М. Индуктивті байланысқан плазмамен масс-спектрометриядағы органикалық қосылыстардың спектроскопиялық емес әсерін зерттеу. Acta Chim. Slov. 2003, 50 бет. 633-644).

[4] GAMMELGAARD B., & JONS O. Determination of selenium in urine by inductively coupled plasma mass spectrometry: interferences and optimization. J. Anal. At. Spectrom. 1999, 14 pp. 867–874 (Гаммелгаард Б. және Джонс О. Индуктивті байланысқан плазмамен масс-спектрометрия көмегімен несептегі селенді анықтау: Интерференция және оңтайландыру. J. Anal. At. Spectrom. 1999, 14 бет. 867-874).

[5] Feldmann I., Jakubowski N., Thomas C., Stuewer D. (1999) Fresenius' J. Anal. Chem. 365, 415–421 J. AOAC Int. 95, 588(2012), AOAC SMPR 2011.009, J. AOAC Int. 95, 297(2012) (Фельдман И., Якубовски Н., Томас С., Стьюэвер Д. (1999) Fresenius' J. Anal. Chem. 365, 415-421 J. AOAC Int. 95, 588(2012), AOAC SMPR 2011.009, J. AOAC Int. 95, 297(2012)).

[6] OMA 2011.19, Determination of Chromium, Selenium, and Molybdenum in Infant Formula and Adult Nutritional Products - Inductively Coupled Plasma-Mass Spectrometry: Collaborative Study (OMA 2011.19, Тамақ өнімдеріндегі балалар қоспасындағы және ересектерге арналған тамақ өнімдеріндегі хромды, селен мен молибденді анықтау-Индуктивті байланысқан плазмамен масс-спектрометрия: бірлескен зерттеу).

[7] ISO 5725-2:1994, Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results — Part 2: Basic method for the determination of repeatability and reproducibility of a standard measurement method (Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы мен прецизиондығы. 2-бөлім. Өлшеудің стандартты әдісінің қайталанушылығы мен жаңғыртушылығын анықтаудың негізгі әдісі).

[8] AOAC INTERNATIONAL. AOAC Official Methods Program, Associate Referee's Manual on development Study, Review, an Approval Process. Part IV AOAC Guidelines for Collaborative Studies, 1995, pp. 23–51 (AOAC INTERNATIONAL. AOAC Ресми әдістер бағдарламасы, Тәжірибелік зерттеу, шолу, бекіту процесі мәселелері бойынша кіші арбитр нұсқаулығы. IV бөлім AOAC Бірлескен зерттеуге арналған басшылық принциптер, 1995, бет. 23-51).

[9] ГОСТ 1770–74 Зертханалық өлшегіш шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.



**НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**Смеси для детского питания и взрослых**

**Определение содержания хрома, селена и молибдена**

**МАСС-СПЕКТРОМЕТРИЯ С ИНДУКТИВНО СВЯЗАННОЙ ПЛАЗМОЙ (ICP-MS)**

**СТ РК ISO 20649–2016**

*(ISO 20649:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of chromium, selenium and molybdenum – Inductively coupled plasma mass spectrometry (ICP-MS), IDT)*

**Издание официальное**

**Комитет технического регулирования и метрологии  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан  
(Госстандарт)**

**Астана**

## Предисловие

**1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН** Товариществом с ограниченной ответственностью «Kazakhstan Business Solution» (Технический комитет по стандартизации ТК 91 «Химия»)

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от № 296-од от 23 ноября 2016 года

**3** Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 20649:2015 *Infant formula and adult nutritionals – Determination of chromium, selenium and molybdenum – Inductively coupled plasma mass spectrometry (ICP-MS)* (Смеси для детского питания и взрослых. Определение содержания хрома, селена и молибдена. Масс-спектрометрия с индуктивно связанной плазмой (ICP-MS))

Международный стандарт разработан Подкомитетом SC 5 «Молоко и молочные продукты» Технического комитета ISO/TC 34 «Пищевые продукты» совместно с Международной федерацией предприятий молочной промышленности

Перевод с английского языка (en).

Официальный экземпляр международного стандарта, на основе которого подготовлен настоящий национальный стандарт и на которые даны ссылки, имеется в Едином государственном фонде нормативных технических документов

Официальной версией является текст на государственном и русском языке  
Степень соответствия – идентичная (IDT).

